# Ежелгі Грек мәдениеті



**Орындаған:** ***Базарбек С.***
***Елеусинова Н.***

# Сабақтың  мақсат-міндеттері:

- Антика туралы түсінік.
- Ежелгі Грек мәдениетімен таныстыру.
- Жаңа мәліметтермен таныстыру.



# Термин сөздер

Антика
Антропоморфизм
Олимпиадалық ойындар
“Киелі бейбітшілік”
Ареопаг
Гелиэя
Экклесия



# Антикалық мәдениет

Ежелгі Грек және Рим мәдениеттерінің б.з.д XII-Iғғ.қамтитын дәстүрлерінің, құндылықтарының, идеяларының, өнерінің, мұраттарының тұтас жүйесі.Антикалық мәдениетте қазіргі білімнің, философияның, әдебиеттің,құқықтың жалпы кітап мәдениетінің іргетасы қаланады.





**Парфенон**- Ежелгі Грекиядағы жетекші қала -мемлекет болған. Афинадағы ең сәулетті храмдардың бірі.Б.з.б 400 жылдарда афиналықтар Акрополь деп аталатын қыратта храмдар мен құдайға табынатын орындар салды.Парфенонның ұзындығы 70 метрден асатын биіктігі  18 метрге жуық болған.Ол Афинаны жебеуші және данышпан әйелі құдайы Афинаның ұлы мүсінінің храмы ретінде салынған.

# Олимпиялық құдайлар

**«Бұлт айдаушы» Зевстің** еркімен жаңбыр жауады немесе қуаңшылық болады. Өзін ашуландырған адамдар мен құдайларды құдіретті Зевс алтын жебелермен – жай оғымен жайратады.

Гректер **«Жерді тербетуші» – теңіз құдайы Посейдоннан** қаһарлы Зевстен кем қорықпаған. Посейдон өзінің үш тісті орасан зор найзасымен жерді сілкінтіп, теңізге алапат дауыл тұрғызып, кемелерді суға батырып жібереді.

**Күн құдайы Гелиос** -ақша қардай аппақ аттар жегілген алтын арбасымен аспанда жүріп өткенде күн туады-мыс.

**Жарық пен өнердің құдайы** – Аполлон.

.

Олимпиадалық ойындарға тек Грекиядан ғана емес,Грек қалаларымен отарларынан да қатысты.Олимпиадаға келгендердің барлығы Зевстың қонағы болып саналды. Олимпиада ойындары өткізіліп жатқан уақыт бүкіл Грекия үшін “Киелі бейбітшілік” деп жарияланды.

- Афинадағы ең басты,әрі шешуші билік органы азаматтардың **халықтық жиналысы (экклеясы)** болды. Бұл жиналысқа саяси және қоғамдық өмірге қатысуға құқы жоқ әйелдерден басқа Афины мемлекеттігіне кіретін,қалаларда тұратын азаматтардың бәрі де қатысты.
- **Ареопаг -**ақсүйектер органы болды.Ареопаг сот жүргізу органына айналды.Ол кісі өлімі,жаралану,өртену,діни қағидаларды бұзғандардың ісімен айналысты.Афиндық гелиэясына және сот алқасына 6мың шамасында,жастары 30-дан асқан азаматтар сайланды.





«Аполлон дәрігердің,
Асклепийдің, Гигиея менПанакеяның және түрлі тәңірлердің атына атап, оларды куә ете отырып, мына серт пен жазбаша шартты шама-шарқымның жеткенінше адал орындауға ант етемін: өзіме дәрігерлік ілімін үйреткен ұстазымды ата-анаммен бірдей көріп, оған барымды бөліп беремін, әрі қажет жағдайда оның жоғын табуға көмектесемін; оның ұрпақтарын бауырларым деп есептеймін, егер олар осы ілімді үйренгісі келсе, оларға тегін әрі ешқандай шарт жасаспай-ақ сабақ беремін; оқу үстінде айтар ақылымды, ауызша сабақтар мен ілімдегі қалған жайлардың бәрін өз балаларыма ұстазымның балалары мен медицина заңы бойынша серттескен, ант беріскен шәкірттеріме хабарлаймын, басқа жанға тіс жармаймын. Науқастарға зиян келтіру мен қиянаттан бойымды аулақ ұстай отырып, бар шама-шарқыммен оларға пайдасы тиетіндей етіп Өмірде, ілімде де таза әрі адал боламын. Тас ауруларымен сырқаттанғандардың денесін ешқашан кеспеймін, мұны осы іспен айналысатын кісілерге тапсырамын. Қайсы үйге кірсем де науқастың қамын ойлаймын, әдейі қиянат пен қастандық жасаудан, әсіресе әйелдер мен еркектер, азат адамдар мен құлдар арасындағы махаббаттан аулақпын.
Емдеу кезінде, сондай-ақ, емдемеген кезде де, адам өмірінің ішіндегі мүлдем жариялауға болмайтын жайларды көргенімді немесе естігенімді құпия есептеп, жан баласына айтпаймын.
Антты бұлжытпай орындағаным үшін өмірде де, ілімде де бақытты болып, ел арасында мәңгілік даңққа бөленгеймін; жалған ант беріп, қылмыс жасағандарды ант атсын.»[3].

*Бағалау бөлімі.*

# *Назарларыңызға рахмет !!!*